

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 6 желтоқсандағы N 1172 Қаулысы

"2006 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 22 қарашадағы Заңына „»"Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервтерін пайдалану ережесін бекіту туралы"» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 1405 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне осы қаулыға қосымшаға сәйкес сот шешімдерін орындау үшін 2006 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің соттар шешімдері бойынша міндеттемелерді орындауға арналған резервінен 117979 (бір жүз он жеті мың тоғыз жүз жетпіс тоғыз) теңге бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2006 жылғы 6 желтоқсандағы
N 1172 қаулысына

ҚОСЫМША

Орындалуға тиісті сот шешімдерінің тізбесі

Р/с N №	Сот органының атауы және шешімінің күні	Талапкердің аты-жөні	Мемлекеттік бажды шегергендегі сома (теңге)	Мемлекеттік баж (теңге)
1	2	3	4	5
1	Қостанай қалалық сотының 11.07.2001ж. шешімі, Қостанай облыстық соты қадағалау алқасының 23.05.2002 ж. қаулысы, Қостанай қаласы N 2 соты 27.08.2003 ж. ұйғарымы, Қостанай облыстық соты қадағалау алқасының	А.Л.Овчаров		-

	09.10.2003 ж. қаулысы, Қостанай облыстық соты қадағалау алқасының 14.10.2004 ж. қаулысы, Қостанай облыстық соты қадағалау алқасының 07.09.2006 ж. қаулысы.		98149	
2	Алматы қаласы Бостандық аудандық соты 29.04.2002ж. ұйғарымы, Алматы қаласы Бостандық аудандық сотының 24.02.2005ж. ұйғарымы, Алматы қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі алқасының 08.04.2005ж. қаулысы, Алматы қалалық сотының қадағалау алқасының 25.07.2005ж. қаулысы.	А.Б.Байбатша	19830	
Жиыны:			117979	-
Жалпы сомасы: 117979				